ЫСЫНЫҢ
АСЫНЫҢ
БОЙЫНША»
МІНІҢ
ЫНДАҒЫ
ЕКТЕБІ
ЛДЫҚ
МЕКЕМЕСІ

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №234 ИМЕНИ Ж.ЖАБАЕВА ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қобыланды батыр көшесі №20
тел: 8(72438) 27-2-34

120400, Кызылординская область, Казалинский район,
кент Айтеке би, улица Кобыланды батыра №20
тел:8(72438) 27-2-34


**22.04.2024ж №79**

**Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі А.Қалиевке**

Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі әкімшілігі, Сіздің 2024 жылғы бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымыңызға сәйкес төмендегі мәліметті жолдайды:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығына сәйкес ғимаратта өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жауапты адам тағайындалды.
2. Обьект үшін оның өрт қауіптілігіне сәйкес келетін өртке қарсы режимді белгілейтін нұсқаулықтар жасалынды.
3. Ұйымның жұмыскерлері өрт қауіпсіздігі мәселері бойынша оқытудан және нұсқамадан өткізілді.
4. Өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалануға алғашқы өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, жөндеуге, сақтауға және жоспарлы алдын ала жөндеуді уақытылы және сапалы жүргізуге жауапты тұлға бекітілді.
5. Мектептің кезекші персоналы телефонмен қамтамасыз етілді, мектеп есіктерінің жиынтық кілттері ілінді, эвакуациялау жоспарлары, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтардың, өртке қарсы қызметтің «101» және «112» телефон номерлері көрсетілген тақтайшалар ілінді.
6. Ғимараттағы алғашқы өрт сөндіру құралдарының жай-күйін тексеру және өртке қарсы қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы алдын-алу жөндеу жұмыстарын есепке алу бойынша журнал арналды.
7. Өрт шыққан жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспары көрсетілген, талап етілген санмен қамтамасыз етілді.
8. Ғимараттың шатыр, үй-жайлары есіктері құлыпқа жабылып, арнайы кілт сақтау орны көрсетілді.
9. Жарамды және техникалық қызмет көрсетуден өткен бастапқы өрт сөндіру құралдары талап етілетін санмен жабдықталды.
10. Ғимараттың күштік және жарықтандыру желісінің стационарлық жабдығы мен электр сымдарының жай-күйі тексеруден өткізілді.
11. Ғимараттың 3-ші қабатындағы сымдар мен кабельдерінің тал сымдарын жалғау, ұштау және тармақтауды өртке қарсы қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін арнайы қысқыштың көмегімен сығымдалды.

**Мектеп директоры: Ж.Уразбаева**

Сканировано с CamScanner